

**Қостанай облысы әкімдігінің ББ «Арқалық қаласы білім бөлімінің
А.Майкөтов атындағы негізгі орта мектебінің»**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2023-2024 оқу жылы бойынша есебі:

1. Жемқорлыққа қарсы мемлекеттік және сапалық бағдарламалар, құқықтық-нормативтік актілер өткізу.

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары облысының білім беру жүйесінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары» негізінде құрылып, бекітілді. Жоспардың мақсаты мен негізгі міндеттері: оқушылар бойында жемқорлыққа қарсы дүниетаным мен жемқорлыққа «нөлдік» шыдамдылықты қалыптастыру, мектептің қызметіне бақылауды жандандыру, педагогтар мен ата-аналар қауымын жемқорлыққа қарсы күреске жұмылдыру.

1-тоқсан соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес жұмысы ұйымдастырылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстарды мониторингтеу нәтижесі қорытындыланды, бос қызмет орнына жұмысқа қабылдау кезінде жемқорлыққа қарсы күрес кеңесінің құрамы бекітілді. Мектепшілік ата-аналар жиналысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы жайлы баяндама оқылып, ағарту жұмыстары жүргізілді.

Директор жанында өткен мәжілісте мектептегі жемқорлыққа қарсы күрес шаралары мен жағдайы туралы сұрақтар қаралып, хаттамасы толтырылды. ҚР жемқорлыққа қарсы заңын, ҚР «Жемқорлыққа қарсы күрес» заңының талаптарын түсіндіру бойынша, «Заңды және жеке тұлғалардың шағымдары мен ұсыныстарын қарау тәртібі» туралы, 2023-2024 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ҚР стратегиясын, Жемқорлықтың алдын алу бойынша 1- 9 сыныптар аралығында «Қоғамдық тәртіп негіздері», «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Жемқорлық індет, жою міндет», «Жемқорлық қоғам жауы», тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. «Адал ұрпақ» жеткшісінің ұйымдастыруымен «Адал дүкен» тоқсан сайын өткізілді. 18.10. мектебімізде «Сыбайлас жемқорлық еліне саяхат» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өтті. Мектеп оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» әңгіме тақырыбында ой бөлісу өткізілді. 1-4 сыныптардың "Не жақсы, не жаман?" тақырыбында, 5-8 сыныптардың «Ар мен намыспен өмір сүру» сынып сағаттары өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарға сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:

1. Кітапханашы Сейсенбаева В.Т.. «Заң және мемлекет», «Бала құқықтары туралы конвенция – адам құқығы» атты кітап көрмесін күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту, олардың «құқықтардан» басқа «міндеттері» де бар екенін еске түсіру үшін әзірледі.
2. Қаңтар айында " Адал және мызғымас еңбек бейнесі!» атты суреттер сайысы өткізілді.
3. Мамыр айында 8-9 сынып жетекшілері «Сыбайлас-жемқорлық» қоғам дерті тақырыбында кездесу өткізді. Кездесуге ішкі саясат бөлімінен уәкіл шақыртты. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп жақсы деңгейде пікірталас болды.
4. Тарих пәнінің мұғалімі Сайлау К.Е. акт залында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша буклеттер таратумен "Қазіргі әлемдегі сыбайлас жемқорлық" тақырыбында презентация дайындады.
5. 6-9 сынып оқушыларын қамтыған «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасауда. Клубтың мақсаты: мектеп жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты күшейту бастамаларын ынталандыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу.

Бір жыл ішінде мектеп қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпараттың болғаны үшін азаматтардың бірде-бір үндеуі тіркелген жоқ.

Мектеп директорының м.а.  Рахметова Н.И.

Жауапты ДТЖО



Рахметова Н.И.